ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 27 наурыз №4712-234-00-2/701 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Т.Бекболатов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысы білім басқармасының «Маңғыстау техникалық колледжі» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер DaCon» атында әрекет етуші Канатова Дана Болатовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп тану,
2) мемлекеттік сатып алу шартын бұзу,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Маңғыстау облысы білім басқармасының «Маңғыстау техникалық колледжі» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны талап қоюы – толықтай қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер DaCon» атында әрекет етуші Канатова Дана Болатовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Маңғыстау облысы білім басқармасының «Маңғыстау техникалық колледжі» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны және жеке кәсіпкер DaCon» атында әрекет етуші Канатова Дана Болатовна арасында жасалған мемлекеттік сатып алу шарты бұзылсын.

Жеке кәсіпкер DaCon» атында әрекет етуші Канатова Дана Болатовнадан талап қоюшы Маңғыстау облысы білім басқармасының «Маңғыстау техникалық колледжі» мемлекеттік қазыналық коммуналдық

кәсіпорны пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымын төлеу шығындары өндірілсін.

Жеке кәсіпкер DaCon» атында әрекет етуші Канатова Дана Болатовна мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы мен сотқа шақыру шығындары өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Т.Бекболатов

Құжатқа қол қойылған: Бекболатов А. Т., 01.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 15.05.2024, судья Бекболатов А. Т., 16.05.2024

4712-24-3-1/535